

А. Т. САЛЫХБАЕВА, А. М. ҮМІТБАЕВА

(Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Аннотация. Мақалада авторлармен Қазақстан Республикасында зияткерлік меншіктің құқықтық реттелуі көрсетілген.

Тірек сөздер: зияткерлік меншік, авторлық құқық, патент, айрықша құқық.

Ключевые слова: интеллектуальная собственность, авторское право, патент, исключительное право.

Keywords: intellectual property, copyright, patent, exclusive right.

Елбасымен алға қойылған Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болу міндеті біз үшін ұлттық идея ретінде қарастырылады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» – Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауында келесідей көрсетеді: «Жаңа технологиялық толқын жалына жармасып, теңдессіз инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны жете түсінуге тиіспіз.

Сондықтан біз өте шынайы, барынша прагматикалық стратегия құрғанымыз жөн». Сонымен қатар, «Авторлық құқықтар мен патенттер мәселелерін реттейтін заңнаманы қайта қарау. Үкімет 2014 жылдың соңына дейін бұған дейін берілген барлық патенттер мен тіркелген авторлық құқықтарды олардың коммерциалануының ықтималдығы жөнінен талдаудан өткізуі қажет» – деген алға тапсырма қояды [1].

Қазақстан Республикасының алдағы Дүниежүзілік сауда ұйымына ену жағдайында және Бірыңғай экономикалық кеңістік құру барысында маңызды мәселелердің бірі болып зияткерлік меншік құқығын қорғаудың тиімді жүйесін құру танылады.

Құқық иемденушілердің құқықтары мен мүдделерін тиімді қамтамасыз ету Бірыңғай экономикалық кеңістік мемлекет-мүшелерінің басты міндеті болып танылады.

Зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат шығармашылықты, өзге де зияткерлік қызмет нәтижелерін құруда және оларды жаңа техника мен технологияларда пайдалануда байланыстырушы негіз болып танылады. Оған қоса осы құқықтарды қорғау келесілерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

– республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін нығайту, шығармашылық қызметті ынталандыру;

– жаңа технологияларды әзірлеу мен пайдалану, бәсекеге қабілетті өнімдерді шығару;

– инновациялық қызметті дамыту үшін жағдайлар жасау;

– жаңа техника мен технологиялармен ішкі және халықаралық алмасулар жасау мақсатында жағдай тудыру, ғылыми-техникалық өнім нарығын құру;

– адал бәсекелестікті қолдаушы жағдайлар құру;

– ішкі нарықты контрафактілі тауарлардан қорғау, отандық тауар және қызмет өндірушілерін қолдау;

– оң инвестициялық жағдай жасау және ғылымды қажет ететін және жоғары технологиялы өндірістерге инвестиция тарту.

Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік құқығы ҚР Азаматтық Кодексімен, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңымен, «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі Заңы, «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Патент Заңы және өзге де зияткерлік меншік саласындағы заң және заңға негізделген актілермен реттеледі.

Зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етудің маңызды кезеңі болып зияткерлік меншік құқығымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті көздейтін Қылмыстық кодексе және Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы ҚР кодексі қабылдау танылады.

Сонымен қатар, Қазақстан бірқатар зияткерлік меншікті қорғауға байланысты халықаралық шарттарға да қол қойған, тиісінше Женевада 1996 жылғы 20 желтоқсанда қабылданған Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының авторлық құқық жөніндегі шарты, Женевада 1996 жылғы 20 желтоқсанда қабылданған Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шарты, 2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірыңғай реттеу қағидаттары туралы келісім, 2000 жылғы 1 маусымда Женевада қабылданған Патент құқығы туралы шарт, т.б.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 961-бабына сәйкес, Зияткерлік меншік құқығының объектілеріне:

- 1) зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелері;
- 2) азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары жатады.

Зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелеріне:

- 1) ғылым, әдебиет және өнер туындылары;
- 2) эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының орындаушылығы, қойылымдары, фонограммалары мен хабарлары;
- 3) өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер;
- 4) селекциялық жетістіктер;
- 5) интегралдық микросызба топологиялары;
- 6) ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау);
- 7) ҚР Азаматтық Кодексінде немесе *өзге де заң актілерінде* көзделген реттерде зияткерлік шығармашылық қызметтің басқа да нәтижелері жатады.

Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына:

- 1) фирмалық атаулар;
- 2) тауарлық белгілер (қызмет көрсету белгілері);
- 3) тауарлар шығарылатын жерлердің атаулары (шығатын жерін көрсету);
- 4) ҚР Азаматтық Кодексінде және *заң актілерінде* көзделген реттерде азаматтық айналымға қатысушылардың, тауарлар мен қызмет көрсетулердің басқа да дараландыру құралдары жатады [2].

Зияткерлік меншік екі ірі бөлімдерден тұрады:

- 1) өндірістік меншік;
- 2) көркем шығармашылық өндірісі.

Осы әрбір зияткерлік меншік тараулары «салалық» заңдармен регламенттеледі және қорғалады – өндірістік меншік патент заңнамасымен қорғалса, көркем шығармашылық меншігі авторлық құқық туралы заңмен реттеледі.

Авторлық құқық туралы Заң зияткерлік меншік саласында ғылым, әдебиет және өнер туындыларын (авторлық құқық), қойылымдарды, орындаушылықты, фонограммаларды, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын (сабақтас құқықтар) жасауға және пайдалануға байланысты туындайтын қатынастары реттейді.

Авторлық құқық туралы Заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес, авторлық құқық нысандары болып келесілер танылады:

- 1) әдеби туындылар;
- 2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;
- 3) сценарий туындылары;
- 4) хореография және пантомима туындылары;
- 5) мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар;
- 6) дыбыс-бейнежазу туындылары;
- 7) кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары;
- 8) қолданбалы өнер туындылары;
- 9) сәулет, қала құрылысы және бау-саябақ өнері туындылары;

10) суретке түсіру туындылары және суретке түсіруге орайлас әдістермен жасалған туындылар;
11) карталар, жоспарлар, нобайлар, безендірулер және географияға, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар;

12) ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар;

13) өзге де туындылар[3].

Сонымен қатар, Авторлық құқық туралы Заңға сәйкес, келесі нысандар да авторлық құқыққа жатады:

1) туынды шығармалар (аудармалар, өңделген дүниелер, аннотациялар, рефераттар, түйіндер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық өңдеулер және басқа да ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларын өңдеулер);

2) жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және материалдарының іріктелуі және (немесе) орналасуы жағынан шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын басқа да құрама туындылар.

Қазақстан Республикасының Авторлық құқық туралы Заңы мен ҚР Азаматтық кодексі арасында кейбір сәйкессіздік орын алған.

Оған сәйкес, айрықша құқық – жеке тұлға ретінде авторға бастапқыдан тиесілі мүліктік құқықтар кешені.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының 2-бабының 7-тармақшасына сәйкес, айрықша құқық – автордың немесе өзге құқық иеленушінің туындыны, орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарын осы Заңда белгіленген мерзім ішінде өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік құқығы, яғни мұнда құқық иеленушісінің тек бір ғана мүмкіндігі көрсетілген – шығармашылық нәтижені жеке пайдалану. Оған қоса мұнда өзге екі маңызды мүмкіндіктер орын алмаған – өзге тұлғаларға шығармашылықты пайдалануға рұқсат беру немесе тыйым салу (Авторлық құқық туралы Заңның 16-бабы 2-тармағы, ҚР Азаматтық кодексінің 978-бабының 2-тармағы).

Өнеркәсіптік меншік нысандарын пайдалану мен құқықтық қорғаумен байланысты туындайтын мүліктік, жеке мүліктік емес қатынастар ҚР Азаматтық кодексі және Патент Заңымен реттеледі. Бұл Заң ережелері қорғау құжаттарын уәкілетті орган берген өнеркәсіптік меншік нысандарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттар негізінде патенттер берілген өнеркәсіптік меншік нысандарына қолданылады[4].

Өнеркәсіптік меншік нысандарына келесілер жатады:

– өнертабыстар;

– пайдалы модельдер;

– өнеркәсіптік үлгілер.

Патент Заңының 7-бабының 1-тармақшасына сәйкес, өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарын, сондай-ақ олардың құрамдас бөліктерін (құрылғысын) конструкциялық орындау пайдалы модельдерге жатады.

Егер жаңа және өнеркәсіпте қолдануға болса, пайдалы модельге құқықтық қорғау беріледі.

Егер елеулі белгілерінің жиынтығы техника деңгейі туралы мәліметтерден белгісіз болса, пайдалы модель жаңа болып табылады.

Қазақстанның жаңа даму кезеңінде, отандық өндіріс пен тұтыну саласында жаңа техникалық шешімдерді сандық арттыру қажеттілігін ескерсек, шығармашылық қызметті ынталандыру мақсатында пайдалы модель нысандары ауқымын кеңейту мақсатты болып танылады, яғни тек өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарын емес, оған өнертабыстарды да жатқызу.

Пайдалы модель нысандары ретінде құрылғыларды, тәсілдерді, заттарды жатқызуға да болады.

Сонымен, зияткерлік меншік құқығы туралы заңнамаларды жетілдіру азаматтық айналымда зияткерлік меншік нысандарын ары қарай тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, ғылыми-техникалық зерттеулерді дамытуға септігін тигізеді.

Зияткерлік меншік құқық бұзушылықтары үшін азаматтық-құқықтық, қылмыстық, әкімшілік жауапкершіліктер көзделген.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік келесі даулар бойынша туындайды: шығармашылыққа авторлық (бірлескен авторлық) туралы, шығармашылыққа жеке мүліктік емес құқықтарды бұзу туралы, авторлық шарттар бойынша даулар, патентке айрықша (мүліктік) құқықты бұзу, селекциялық жетістіктерге құқықтарды бұзу және т.б.

Қылмыстық жауапкершілік келесі қылмыстар үшін туындайды: авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу (184 б.), өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге немесе интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды бұзу (184-1 б.), тауар таңбасын заңсыз пайдалану (199 б.).

Әкімшілік құқық бұзушылықтар келесі негіздер бойынша туындайды: өнертабыстарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды бұзу (128 б.), авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу (129 б.), бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдалану (145 б.).

Сонымен, зияткерлік меншік құқығы жүйесінің тиімді әрекет етуі мемлекеттік органдар қызметінің басым бағытының бірі болуы тиіс және осы салада анық құрылған мемлекеттің ұлттық саясаты негізінде жүзеге асуы қажет.

Зияткерлік меншікті қорғау ұлттық қауіпсіздік мәселелері санатына еніп отыр, себебі мұнда мемлекеттің дүниежүзілік қауымдастықта түрткіленуі жайында, елімізде бөтеннің ойына, санатына, тұлғасына құрметпен қарауға негізделген өркениетті азаматтық қоғам құру жайында сөз болып отыр. Осыған сәйкес еліміздің бәсекеге қабілеттігі негізделеді.

ӘДЕБИЕТ

- 1 «Қазақстан-2050» – Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы. Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
- 2 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Ерекше бөлім). Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Кодексі.
- 3 Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Заңы.
- 4 Қазақстан Республикасының Патент Заңы. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427 Заңы.

REFERENCES

- 1 «Qazaqstan-2050» – Strategi"yasi" qali'ptasqan memleketting janga sayasi" baghi'ti" atti' Qazaqstan Respwbli"kasi'ni'ng Prezi"denti – Elbasi' N. A'. NAZARBAEVTT'Ng Qazaqstan halqi'na Joldawi'. Astana q., 2012 ji'lghi' 14 jeltoqsan.
2. Qazaqstan Respwbli"kasi'ni'ng azamatti'q kodeksi (Erekshe bo'lim). Qazaqstan Respwbli"kasi'ni'ng 1999 ji'lghi' 1 shil-dedegi N 409 Kodeksi.
- 3 Avtorli'q quqi'q ja'ne sabaqtas quqi'qtar twrali' Qazaqstan Respwbli"kasi'ni'ng 1996 ji'lghi' 10 mawsi'mdagh'i' N 6-I Zangi'.
- 4 Qazaqstan Respwbli"kasi'ni'ng Patent Zangi'. Qazaqstan Respwbli"kasi'ni'ng 1999 ji'lghi' 16 shildedegi N 427 Zangi'.

Резюме

А. Т. Салыхбаева, А. М. Умутбаева

(Казакский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан)

ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Авторами статьи рассматривается правовое регулирование интеллектуальной собственности в Республике Казахстан.

Ключевые слова: интеллектуальная собственность, авторское право, патент, исключительное право.

Summary

A. T. Salyhbayeva, A. M. Umutbayeva

(Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan)

LEGAL REGULATION OF INTELLECTUAL PROPERTY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Authors of article consider legal regulation of intellectual property in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: intellectual property, copyright, patent, exclusive right.

Поступила 28.01.2014 г.